

**«Маңғыстау облысы білім басқармасының Түпқараған ауданы бойынша білім
бөлімінің жанындағы Ақшұқыр ауылының
«Керемет 2» бөбекжай бақшасы**

«Талқыланды»
педагогикалық кеңесінде
№ 1 хаттамасы
«29 08 2023 ж.

Бекітемін
«Керемет 2» бөбекжайының
менгерушісі: Жартаева К.Т.
«29 08 2023 ж.



«Ертегілер елінде»

вариативтік компонент

(балалардың қызығушылығына арналған ұйымдастырылған іс-әрекет)

Тобы: «Балдырған» ортаңғы топ

Барлығы: 36 сағат, аптасына 1 сағат

2023-2024 оқу жылы

«Ертегілер елінде» мектеп жасына дейінгі балаларға арналған әдістемелік құралдан алынды

Әдістемелік құрал «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» жұмысы барысында ертегі терапиясын, тәрбиешілер вариативті оқу бөліміне «Ертегілер елінде» оқу іс-әрекетін ендіріп қолдануына болады. Құралға енгізілген әдеби шығарма туындыларының образдарын сахналау, саусақ, көлеңке, қуыршақ театрлары арқылы көрсетуде балалардың сана-сезімі, тілі, эмоциялық дамуы, дүниетанымы қалыптасады.

Түсінік хат

Еліміздің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында тілдік-коммуникативтік құзіреттілігі қалыптасқан, шығармашыл тұлғаны дамыту мақсатын көздейді.

Ана тілінің базалық құндылықтарын меңгерген, мәдени әлеуметтік қатынасқа еркін түсе алатын, елгезек, жан-жақты қабілетті тұлғаны тәрбиелеу мектепке дейінгі білім беру жүйесінің негізгі міндеті.

Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қызығушылығын туындататын әрекет түрлері өте көп, атап айтқанда ойын, еңбек, оқу іс-әрекеттері, халық ауыз әдебиеті үлгілерінің әртүрлі жанрлары т.б. Бірақ бұл шақта балалардың жас және жеке дара ерекшеліктеріне сай, балалар ертегілерді, ғажайып оқиғаларды өте жақсы көреді. Ертегі мазмұнына шын болмысымен, толық сенеді, кейде жылап жібереді, жаны ашиды, кейде шаттанып күлсе, рахаттана, масаттанып, мақтанып, ләззәт алады.

Ертегімен әуестену – бала табиғатына тән қасиет, ол баланың көргендерін танып – білуге, оған терең бойлауына көмектеседі. Баланың мұндай әуестігі ертедегі болған оқиғаны түсінуге, білуге, көруге деген қызығушылығынан байқалады.

Балалардың ертегіні есту барысында «қайдан?», «неге?», «бұл не?», «неліктен?» және тағы басқа сұрақтар қоюы, балаларда танымдық қызығушылықтың пайда болуымен байланыстыруға болады. Әрине, кішкентай баланың қойған мұндай сұрақтары белгілі дәрежеде, ертегі мазмұнына деген танымдық көзқараста, білуге деген әуестікті көрсетеді. Дәлірек айтқанда, мұны танымдық қызығушылықтың бастауы деп есептеуге болады.

Балалардың қызығушылығы өздігінен дербес пайда болмайды, ол әлеуметтік ортаның, ересектердің ықпалымен қалыптасады. Балалардың қызығушылығы олардың жас және дербес ерекшеліктеріне байланысты болғандықтан, мәселен, оқу-тәрбие процесінде ертегіні пайдалануда әртүрлі жастағы балалардың өздеріне тән қызығушылығы болатынын ескеру қажет.

Ал, балалардың танымдық қызығушылығын оятуда ертегінің рөлін жақсы білу керек. Оны үйрететін – ересектер. Ертегі шындығын ұғып білуге ұмтылудың бір көрінісі – балалардың сұрақ қойғыштығы. Есейе келе балалар тек ертегі ғана емес, айналасындағы әлеуметтік көріністерден хабардар болғысы келеді. Олар ересектерден өз сұрақтарына жауап күтеді. Осыдан келіп, оның ізденісіне, білуге ұмтылысына педагогтар мен ата-аналар ерекше мұқияттылықпен қарау керек.

Балалардың қоғамда алатын орны ересектермен қарым-қатынасы, әлеуметтік өмірге араласуы, олардың өзіне ғана тән ішкі әлемі, қызығушылығы, қабылдауы, ойлауы, қиялы т.б. танымдық процестерін дамытуда ертегінің мәні зор.

Ертегі көркем әдебиет шығармалары болғанымен, оның білімдік, тәрбиелік, дамытушылық маңызы зор. Ертегінің балаларға ұнау себбі халық шығармашылығының қарапайымдылығында, оның балалар психологиясына келуіне байланысты.

Ертегі балалардың үйлесімді ақыл-ой дамуының, рухани-адамгершілік тәрбиесінің, эстетикалық талғамын қалыптастырудың негізгі құрамы болып табылады. Ертегілердің арасында балалардың жүрегінде керемет, тамаша поэтикалық бейне орын алады, ақылдың дамуы фантазия мен сезімнің дамуымен қатарласа жүреді. Ертегілердің психологиялық маңыздылығы және олардың бала жанына ықпалы зор.

Ертегі дегеніміз, бейнелеп айтқанда, балалық ой мен сөздің шамшырағы. Балалар ертегіні тыңдайды және оған әуестенеді, өздері ойдан шығарады. Ертегіні ойдан шығару – педагог үшін балалармен рухани көзқараста болу болса, балалар үшін теңдесі жоқ ойдың қуанышына айналады. Ертегіні өмір оқулығы, оның терең идеясы баланы түрлі сезімге бөлейді. Қуаныш та, шаттық та, уайым-қайғы да – бәрі ертегі мазмұнынан табылады. Сондықтан балалардың ертегісіз өмір сүріп, өсіп жетілуі мүмкін емес.

Қай халықтың болмасын ертегілері балалардың жас ерекшеліктеріне, мақсат-мүддесі мен талап-тілектеріне сай құрылады, өзінің тартымдылығымен, бейнелілігімен және сезімге ықпал етуімен айрықшаланады.

Ертегілердің мазмұнының бай болуы, оның көптеген кейіпкерлерді көрсету арқылы адамдардың жағымды-жағымсыз моральдық қасиеттерін (кішіпейілділік, әдептілік, шыншылдық, ізеттілік, инабаттылық, қайырымдылық – қайырымсыздық, зұлымдық, т.б.) ажырата білуге, әдемілікті сезіне, қабылдап тани білуге үндейді.

Ертегінің өзіндік құрылысы, көркемдік ерекшеліктеріне тоқталады, ертегінің қызықты да тартымды болуы ертекші әңгімесінің мәнерлі айтылуына байланысты екендігін ескертеді. Педагогтар балаларға ертегіні айтқанда немесе оқып бастағанда дауыс ырғағына ерекше мән беруі тиіс. («Баяғыда бір кедей болыпты, оның үш баласы болыпты», «Бұрынғы өткен заманда бір бай болыпты», «Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде», «Баяғыда бір орманда», т.б.).

Ертегілердегі оқиғаларды осылайша бастап баяндау, оның тартымдылығын арттыра түседі. Ертегі айту шығармашылық өнерді асқан шеберлікті талап етеді. Сан алуан ғажайып оқиғаға құрылған ертегілердің желісін бұзбай өрістете әңгімелеу, әрбір үзінділердің өзара байланыста болуын ескерту, оқиғаны қызықты етіп баяндау, ертегілердің әрбір кейіпкерлеріне лайықты мінездемелер беру, олардың бейнелерін тыңдаушының көз алдына елестету, әрқайсысының іс-әрекетіне қарай сөз қолдана білу, т.б. педагогтің алдына қойылған басты талап.

Сондықтан ұсынылып отырған әдістемелік құрал, ертегілер арқылы балалардың танымдық қызығушылығын дамытып, есте сақтау қабілеттерін, ой-өрісін, дүниетанымын, эстетикалық сезімін қалыптастыру мақсатын көздейді. Құралға енгізілген шағын көлемдегі ертегілерді балаларға түрлі театрлық (рөлге бөліп сахналау, көлеңке, саусақ, қуыршақ) көріністе таныстыру жолын қарастырады. Ертегі мазмұнын осылайша түрлендіріп бейнелеу арқылы балаларда жоғары адамгершілік қасиеттерді насихаттау, жалқаулық, қорқаулық, мен – мендік сияқты қылықтардың жағымсыз әсері туралы түсінік беруді көздейді. Көркем шығарманы тыңдай білуге, оқыған шығарманың мазмұнынан алған әсерін тыңдаушыларға жеткізе білуге үйрету. Балаларды өз өмірінде кездескен нақты жағдайларды әңгімелеп беруге, естіген, теледидардан көрген ертегілерді айтып беруге, суреттерді, нақты заттарды, хайуанаттарды, өсімдіктерді суреттей білуге, әңгімелесуге баулу. Көркем шығармаларды бейнеленген сезімдерді қуаныш, реніш, ашу-ыза, өкіну, тандану, сыйлау сезімдерін сезіне білуге үйрету. Түрлі жанрдағы әдеби шығармалардың сипатын, мазмұнын түсіне білуге жетелеу.

Әдістемелік құралға енгізілген ертегі мазмұны қызықты, көлемі шағын, тілі жеңіл 3-4 жастағы балалардың жас және жеке дара ерекшеліктеріне сай іріктелініп алынып, құрастырылады.

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың ертегілерге танымдық қызығушылығын арттыру, тілдік-коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастыру.

Міндеті:

1. Ертегілер арқылы балалардың сөздік қорын молайту, байланыстырып сөйлетуге үйрету.
2. Ертегілерді сахналау, кейіпкерлердің образын ашу.
3. Ертегі мазмұнын түсініп, жағымды-жағымсыз кейіпкерлерді ажырату, қиялдау қабілетін дамыту.
4. Балалары қарым-қатынастың негізгі түрі – диалогты меңгеріп, 2-3 сөйлеммен пікірін жеткізуге дағдыландыру.
5. Қызықты тапсырмалар арқылы алған білімдерін тиянақтап бекіту.

«Ертегілер елінде»
Вариативтік компонентке арналған жылдық жоспары

Айы	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
Қыркүйек	«Қызыл телпек» ертегісі (рөлге бөлу)	Мақсаты: Ертегінің мазмұнын түсінуге, кейіпкерлердің әрекеттеріне баға беруге тәрбиелеу.	1 сағат
	«Қызыл телпек» ертегісі (саусақ театры)	Мақсаты: Саусақ театры арқылы балалардың ертегі әлеміне енуіне танымдық қызығушылығын қалыптастыру.	1 сағат
	«Қызыл телпек» ертегісі (куыршақ театры)	Мақсаты: Балаларды ептілікке шапшаңдыққа тәрбиелеу.	1 сағат
	«Қызыл телпек» ертегісі (көлеңке театры)	Мақсаты: Ертегіні түсініп мазмұнын мәнерлі айтуға, ертегі кейіпкерлерінің сөз ырғағын, қимыл – қозғалысын дұрыс ойнауға үйрету.	1 сағат
Қазан	«Үйшік» ертегісі (рөлге бөлу)	Мақсаты: ертегінің негізгі мазмұнын түсінуге, рөлде ойнай отырып кейіпкерлердің ішкі сезімін, әрекеттерін нақты көрсетуге баулу.	1 сағат
	«Үйшік» ертегісі (саусақ театры)	Мақсаты: Ертегінің мазмұнын түсінуге, байланыстырып сөйлеуге, кейіпкерлердің әрекеттерін бағалауға үйрету.	1 сағат
	«Үйшік» ертегісі (куыршақ театры)	Мақсаты: Ертегінің мазмұнын түсінуге, байланыстырып сөйлеуге, кейіпкерлердің әрекеттерін бағалауға көмектесу еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	1 сағат
	«Үйшік» ертегісі (көлеңке театры)	Мақсаты: Ертегінің мазмұнын түсінуге, байланыстырып сөйлеуге, кейіпкерлердің әрекеттерін бағалауға көмектесу еңбексүйгіштікке тәрбиелеу	1 сағат
Қараша	«Түлкі мен тырна» ертегісі (рөлге бөлу)	Мақсаты: ертегі кейіпкерлерінің әрекеттерін ережелерге сай баға беруге үйрету. жүріс-тұрысын талдауға кейіпкерлердің жағымды жағымсыз екенін ажырата білуге үйрету.	1 сағат
	«Түлкі мен тырна» ертегісі (саусақ театры)	Мақсаты: Ертегіні түсіндіре отырып көрсету. Достар арасында қарым-қатынасты арттыру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту, тиянақтылыққа тәрбиелеу.	1 сағат
	«Түлкі мен тырна» ертегісі (куыршақ театры)	Мақсаты: Балалардың ой өрісін ертегі айту арқылы дамыту, байланыстырып сөйлеуді тіл байлықтарын дамыту.	1 сағат
	«Түлкі мен тырна» ертегісі (көлеңке театры)	Мақсаты: Балалардың есіне ертегіні есіне түсіре отырып, кейіпкерлердің дауыс ырғағымен сөйлеуге тәрбиелеу.	1 сағат
Желтоқ	«Айлакер түлкі» ертегісі	Мақсаты: Ертегінің мазмұны туралы түсінік	1 сағат

сан	(рөлге бөлу)	беру. Ертегідегі кейіпкерлердің дауысын салуға үйрету.	
	«Айлакер түлкі» ертегісі (саусақ театры)	Мақсаты:Ертегіні түсіндіре отырып, саусақ театры арқылы ойнауға үйрету.	1 сағат
	«Айлакер түлкі» ертегісі (қуыршақ театры)	Мақсаты:Балалардың тіл байлығын молайту, дауыс ырғағымен сөйлеуге үйрету.	1 сағат
	«Айлакер түлкі» ертегісі (көлеңке театры)	Мақсаты:Ертегі мазмұнын түсіне білуге кейіпкерлердің әрекеттерін бағалауға ертегіні көлеңке театры арқылы көрсетуге үйрету.	1 сағат
Қаңтар	«Қасқыр мен жеті лақ» ертегісі (рөлге бөлу)	Мақсаты: балаларға ертегі мазмұнын айтып беріп, кейіпкер ешкінің дауысын салуға үйрету.	1 сағат
	« Қасқыр мен жеті лақ» ертегісі (саусақ театры)	Мақсаты: Қасқыр мен жеті лақ туралы түсінік беруді жалғастыру. Ертегідегі ешкінің дауысын салуды үйрету.	1 сағат
	« Қасқыр мен жеті лақ» ертегісі (қуыршақ театры)	Мақсаты: Балалардың тіл байлығын дамыту. Дауыс ырғағымен ойнауға үйрету.	1 сағат
	« Қасқыр мен жеті лақ» ертегісі (көлеңке театры)	Мақсаты:Ертегі мазмұнын түсінуге , кейіпкерлердің әрекеттерін бағалай білуге, ертегіні көлеңке театры арқылы көрсетуге үйрету.	1 сағат
Ақпан	«Маша мен аю» ертегісі (рөлге бөлу)	Мақсаты: Ертегіні тыңдай білуге үйрету және рөлге бөліп ойнауға үйрету.	1 сағат
	«Маша мен аю» ертегісі (саусақ театры)	Мақсаты: Ертегінің мазмұнын түсінуге және кейіпкерлердің әрекеттерін бағалай білуге үйрету.	1 сағат
	«Маша мен аю» ертегісі (қуыршақ театры)	Мақсаты: Ертегіні оқи отырып есте сақтау қабілеттерін дамыту.	1 сағат
	«Маша мен аю» ертегісі (көлеңке театры)	Мақсаты: Балалардың тіл байлығын молайту, дауыс ырғағын келтіре отырып ойнауға үйрету.	1 сағат
Наурыз	« Мақта қыз бен мысық» ертегісі (рөлге бөлу)	Мақсаты: Ертегіні тыңдай білуге үйрету және рөлге бөліп ойнауға үйрету.	1 сағат
	« Мақта қыз бен мысық» ертегісі (саусақ театры)	Мақсаты: мақта қыз бен мысық ертегісі түсініктерін жалғастыру.саусақ тетры арқылы көрсету. Есте сақтау қабілеттерін дамыту.	1 сағат
	« Мақта қыз бен мысық» ертегісі (қуыршақ театры)	Мақсаты:Ертегі оқу тіл байлығын молайту. Ертегі мазмұнын дауыс ырғағын келтіріп ойнауға үйрету.	1 сағат
	« Мақта қыз бен мысық» ертегісі (көлеңке театры)	Мақсаты:Ертегі мазмұнын түсінуге , кейіпкерлердің әрекеттерін бағалай білуге, ертегіні көлеңке театры арқылы көрсетуге үйрету.	1 сағат
Сәуір	«Шалқан» ертегісі (рөлге бөлу)	Мақсаты:ертегінің негізгі мазмұнын түсінуге, рөлде ойнай отырып кейіпкерлердің ішкі сезімін, әрекет-терін нақты көрсетуге баулу.Диалог сөздерді мәнерлеп келтіру дағдысын қалыптастыру	1 сағат
	«Шалқан» ертегісі	Мақсаты: Шалқан ертегісі туралы	1 сағат

	(саусақ театры)	түсініктерін одан ары дамыту. Саусақ театры арқылы ертегі мазмұнын көрсету, мәнерлеп әңгіме-лей білуге, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру.	
	«Шалқан» ертегісі (қуыршақ театры)	Мақсаты:Ертегіні оқу, тіл байлығын дамыту, ертегі-нің мазмұнын дауыс ырғағына қарай келтіре ойнауға жаттықтыру, қиын кезде бір-біріне көмектесуге үйрету.	1 сағат
	«Шалқан» ертегісі (көлеңке театры)	Мақсаты:Ертегінің мазмұ-нын түсінуге, кейіпкерлер-дің әрекеттерін бағалай білуге, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.	1 сағат
Мамыр	«Бауырсақ» ертегісі (рөлге бөлу)	Мақсаты:ертегінің негізгі мазмұнын түсінуге, рөлде ойнай отырып кейіпкерлер-дің ішкі сезімін, әрекетте-рін нақты көрсетуге баулу. Диалог сөздерді мәнерлеп келтіру дағдысын қалыптастыру.	1 сағат
	«Бауырсақ» ертегісі (саусақ театры)	Мақсаты: «Бауырсақ» ертегісі туралы түсініктерін жалғастыру.саусақ тетры арқылы көрсету. Есте сақтау қабілеттерін дамыту.	1 сағат
	«Бауырсақ» ертегісі (қуыршақ театры)	Мақсаты:Ертегіні оқу, тіл байлығын дамыту, ертегінің маззмұнын дауыс ырғағына қарай келтіре ойнауға жаттықтыру.қиын кезде бір-біріне көмектесуге үйрету.	1 сағат
	«Бауырсақ» ертегісі (көлеңке театры)	Мақсаты:Ертегінің мазмұнын түсінуге, кейіпкерлердің әрекеттерін бағалай білуге, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.	1 сағат